

1997 жылғы 18 қарашада жасалған Өзара кепілдіктер туралы келісімнің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 мамыр N 598

"БГ п.л.к." және "Аджип С.п.а." компанияларының болып өткен қайта ұйымдастырылуына байланысты және "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 37 қаулысының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған ЭНИ С.п.а., Аджип Қарашығанақ Б.В., Транско п.л.к., БГ Интернэшнл Лимитед, Тексако Инк., Тексако Интернэшнл Петролеум Компани, "ЛУКОЙЛ" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы және БГ Групп п.л.к. арасында жасалатын 1997 жылғы 18 қарашадағы Өзара кепілдіктер туралы келісімге өзгеріс туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 3 м а м ы р д а ғ ы

N 5 9 8 қ а у л ы с ы н а

қосымша

**1997 жылғы 18 қарашада жасалған
ӨЗАРА КЕПІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Осы ӨЗАРА КЕПІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМГЕ ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ
2 0 0 1 ж ы л ғ ы _ _ _ _ _ : :

1. Аджип С.п.А. құқықтық мұрагері, Италияда тіркелген ЭНИ С.п.А (ENI S.p.A) компаниясы ("Аджип Бас компаниясы");

2. Нидерландыда тіркелген Аджип Қарашығанақ Б.В. (Agip Karachaganak B.V.) компаниясы ("Аджип");

3. Бұрын БГ п.к.к. деп аталған, Құрама Корольдікте тіркелген Транско п.л.к. (

Transco p.l.c.) компаниясы ("Транско");

4. Бұрын БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед деп аталған, Құрама Корольдікте тіркелген БГ Интернейшнл Лимитед (BG International Limited) компаниясы ("Бритиш Газ");

5. АҚШ, Делавэр Штатында тіркелген Тексако Инк. (Техасо Инс.) компаниясы ("Тексако Бас компаниясы");

6. АҚШ, Делавэр Штатында тіркелген Тексако Интернейшнл Петролеум Компани (Техасо International Petroleum Company) компаниясы ("Тексако");

7. Ресей Федерациясында тіркелген "ЛУКОЙЛ" Мұнай Компаниясы" ашық акционерлік қоғамы компаниясы ("ЛУКОЙЛ" Бас компаниясы);

8. Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ("Республика");

9. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы ("Қазақойл"); және

10. Құрама Корольдікте тіркелген компания БГ Групп п.л.к. (BG Group p.l.c.) ("БГ Бас Компаниясы") арасында жасалды.

Жоғарыда санамаланған тараптардың әрқайсысы бұдан әрі жеке өз алдына "Тарап" және бірлесе "Тараптар" деп аталады.

АДЖИП С.п.А. ЭНИ С.п.А. қосылғандықтан, мұнымен бірге соңғысы АДЖИП С.п.А. компаниясынан оған тиесілі барлық активтерді, сервитуттарды, міндеттемелерді, қарыздық міндеттемелерді, кез келген қозғалатын және қозғалмайтын мүлікке құқықтарды, концессияны, лицензияны, рұқсатын, жалға беру құқығын, кез келген тұрғыда келісім-шарттар, кепілдіктер мен тапсырмалар бойынша құқықтар мен міндеттемелерді қабылдағандықтан;

БГ п.л.к. бас холдингтік компания болып табылатын компаниялар тобында басында ішкі қайта ұйымдастыру және одан кейін - компаниялардың бөлінуі (барлығы бірге "Қайта ұйымдастыру" деп аталатын) болғандықтан және Бритиш Газ қазіргі уақытта толықтай БГ Бас компаниясына тиесілі еншілес компания болып табылатындықтан;

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде, Транско Бритиш Газ компаниясымен неғұрлым қосынды компания болып табылмайтындықтан және Біріккен Корольдікте газ беру жөніндегі операциялармен байланысты бизнеспен айналысатын болғандықтан және БГ Бас компаниясы мұнай мен газды барлауға арналған мүліктің және осы қызметпен байланысты, бұрын БГ п.л.к. тиесілі болған басқа да мүліктің меншік иесі болып табылатындықтан;

БГ п.л.к. өзінің заңды атауын Транско п.л.к деп өзгерткендіктен;

Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед өзінің заңды атауын БГ Интернейшнл Лимитед деп өзгерткендіктен;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507

Жарлығына және оны орындау үшін қабылданған тиісті заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне таратылған Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі функциясының бөлігі берілді және АДЖИП С.п.А, Аджип Қарашығанақ Б.В., БГ п.л.к., БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед, Тексако Инк., Тексако Интернейшнл Петролеум Компани, "ЛУКОЙЛ" Мұнай Компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі арқылы Республика атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында 1997 жылғы 18 қарашада жасалған Өзара кепілдіктер туралы келісімге қатысты Қазақойлдың міндеттемелері талап етілетін болғандықтан;

Тараптар жоғарыда көрсетілген өзгерістердің көрініс табуы үшін ӨКК-ге өзгерістер енгізуді қалайтындықтан және келесіде Қазақойлдың міндеттемелерін беру жөнінде қосымша өзгерістер енгізілетін болғандықтан;

СОНДЫҚТАН Тараптар мыналар туралы уағдаласады:

1. ӨКК-нің кіріспе бөлігінде көрсетілген Тараптар құрамы былайша жазылатын болады:

1) Италияда тіркелген ЭНИ С.п.А (ENI S.P.A) компаниясы ("Аджип Бас компаниясы");

2) Нидерландыда тіркелген Аджип Қарашығанақ Б.В. (Agip Karachaganak B.V.) компаниясы ("Аджип");

3) Құрама Корольдікте тіркелген БГ Групп п.л.к. (BG Group p.l.c.) компаниясы ("БГ Бас Компаниясы");

4) Құрама Корольдікте тіркелген БГ Интернейшнл Лимитед (BG International Limited) компаниясы ("Бритиш Газ");

5) АҚШ, Делавэр Штатында тіркелген Тексако Инк. (Техасо Inc.) компаниясы ("Тексако Бас компаниясы");

6) АҚШ, Делавэр Штатында тіркелген Тексако Интернейшнл Петролеум Компани (Техасо International Petroleum Company) компаниясы ("Тексако");

7) Ресей Федерациясында тіркелген "ЛУКОЙЛ" Мұнай Компаниясы" ашық акционерлік қоғамы компаниясы ("ЛУКОЙЛ" Бас компаниясы);

8) "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы ("Қазақойл"); және

9) Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ("Республика").

2. Барлық Тараптар БГ Бас компаниясы:

(А) ӨКК жөніндегі Трансконың нақты қазіргі де, шартты түрде бар ретіндегі де, болашақта пайда болатын да барлық үлестерін, құқықтарын, міндеттерін, қарыздарын және міндеттемелерін өзіне қабылдағандығын;

(Б) Бас Компания - Бритиш Газ үшін Кепіл болғандығын мойындайды және келіседі (және бұл ӨКК қол қойылған күнінен бастап кез келген мақсатта күшінде болады).

3. Міндеттемелерді өзіне қабылдаумен және жоғарыда 2-тармақта санамаланғандарды ауыстырумен байланысты Тараптар Трансконың нақты қазіргі де, шартты түрде бар ретіндегі де, болашақта пайда болатын да (Қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болғандарды шектеулерсіз қоса алғанда), оған ӨКК бойынша жүктелген кез келген төлемнен және барлық қарыздардан міндеттемелер мен міндеттерді орындаудан босағанын мойындайды және келіседі әрі бұл ӨКК қол қойылған күнінен бастап кез келген мақсатта күшінде болады.

4. Транско өзінде ӨКК бойынша еш құқықтың, еш үлесінің жоқ екендігін мойындайды және растайды, өйткені мұндай барлық құқықтар мен үлестер БГ Бас компаниясына тапсырылған және өткізілген.

5. ӨКК өзгерістері туралы осы Келісім бойынша туындайтын кез келген және барлық даулар ӨКК-тің 7-бөліміне сәйкес шешілетін болады.

6. ӨКК өзгерістері туралы осы Келісімге тараптардың саны бойынша даналарда қол қойылуы мүмкін және бірге алынғанда мұндай даналардың барлығы бір құжат ретінде қаралуы тиіс. Осы Келісімге орыс және ағылшын тілдеріндегі даналарда қол қойылады және олардың екеуінің де күші бірдей. Осы Келісім Тараптар үшін міндетті болып табылады және мұнай-газ өнеркәсібінің халықаралық тәжірибесіне сәйкес тәртіппен, алайда жоғарыда баяндалғанға қарамастан, осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін бір ғана ескертпемен түсіндіріледі.

7. Осы Келісімнің бас әріппен жазылған барлық терминдері, өзгеше ескертпелерді қоспағанда, ӨКК-те белгіленген терминдер болып табылады.

8. ӨКК өзгерістері туралы осы Келісім оған барлық Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫҢ ДӘЛЕЛІ РЕТІНДЕ осы Келісімге Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісінше түрде қол қойды.

Э Н И С . п . А

А т ы :

Қ ы з м е т і :

Күні:

А Д Ж И П Қ А Р А Ш Ы Ғ А Н А Қ Б . В .

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
Т Р А Н С К О

П . Л . К .

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
Б Г

И Н Т Е Р Н Е Й Ш Н Л

Л И М И Т Е Д

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
Т Е К С А К О

И Н К :

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
Т Е К С А К О

И Н Т Е Р Н Е Й Ш Н Л

П Е Т Р О Л Е У М

К О М П А Н И

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
"ЛУКОЙЛ" МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫ

А Ш Ы Қ А К Ц И О Н Е Р Л І К Қ О Ғ А М Ы

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ӘРЕКЕТ ЖАСАУШЫ ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫ

ҮКІМЕТІНІҢ АТЫНАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
МИНЕРАЛДЫҚ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

А т ы :
Қ ы з м е т і :
Күні:
"ҚАЗАҚОЙЛ"

Ұ Л Т Т Ы Қ

М Ұ Н А Й - Г А З

К О М П А Н И Я С Ы

А т ы :

Қ ы з м е т і :

Күні:

Б Г Т О П Т А Р Ы П . Л . К .

А т ы :

Қ ы з м е т і :

Күні:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК